

Нұрмияш  
Нөбенов

# Көкше

Өлендер



АЛМАТЫ  
«ЖАЛЫН»  
1984

Қаз 2  
К 66

*Пікір жазған Ә. Шілбаев.*



**Көбенов Нұрмияш.**

**К 66 Көкше: Өлеңдер мен поэмалар. Алматы: Жалын, 1984. — 64 бст.**

Нұрмияш Көбеновтың мамандығы — агроном. Ол қай-паған қызу еңбектің, кейіпкерлерінің ортасында тұрады. Сондықтан да болар, ақын жырларының көбісі өлсе, жерге, оны гүлге бөлеп жүрген дикан қауымына арнағандар.

**Қаз 2**

Ж 4702230200—070 161—84  
408(05)84

© «Жалын» баспасы, 1984

## КӨКШЕ

Көкше десем, көкке қолым жеткендей,  
Қайрат-жігер бойды билеп кеткендей.  
Шабыт-бұлақ лайландырмай мөлдірін,  
Сылаң қағып, сыңғыр қағып өткендей.

Көкше десем, еңсем қалар биіктеп,  
Сүйсінемін ақ жүзімнен сүйіп көк.  
Өлең-жырдың дерткіс дауа ауасы,  
Көңіліме жұпарынды құйып кет.

Көкше десем,  
Сексен көлін тулатып,  
Айдындарым ақ көбігін шыңға атып,  
Серілердей шабыттың шып, шарқ ұрып,  
Толқындарын жатар тынбай жырлатып.

Көкше десем,  
Көк ормандар тербеліп,  
Окжетпестей шыға келем өрленіп,  
Асыл өлең ақық жырлар іздеймін,  
Түн ұзаққа шабыт буып, сенделіп.

Көкше десем,  
Қайындарды билетіп,  
Бұлақтарды тау басынан сүйретіп,

Күй ойнайды, мен де бірге шалқимып,  
Өзімді-өзім дарқандыққа үйретіп.

Көкше десем,  
Көкке қарап шалқалап,  
Биіктейді шыңға құмар нар талап,  
Диқанмын мен ақ бидайын тербеткен,  
Жөнелемін өмір жүгін арқалап.

Көкше десем,  
Жұмбақтастың жұмбағын,  
Мейірленіп келеді ұзақ тыңдағым.  
Сол батырлар әлі қорып жүргендей,  
Көкшетаудың ырыс тұнғап қырларың.

Көкше десем,  
Бурабайым мөлдіреп,  
Сағыныштан кетеді ішім елжіреп.  
Көз алдыма келіп әсем аққулар,  
Есіме кіл жандар түсер ер жүрек.

Көкше десем,  
Жекебатыр сомдан  
Қарыс маңдай жаңы ойда толғанып,  
Әлде Шоқан деген ұлы осы ма?  
Болашаққа кеткен даңғыл жол салып.

Талай ерді туған дарқан өлкем бұл,  
Бөктеріне еккен сансыз көктем гүл,  
Бүгін нағыз жер жаннаты Көкшем бұл,  
Заманың алтын таңы төккен нұр.

\* \* \*

Атылған асқарынан ақ тұмадай,  
Еселеп көктен бүгін ақты ма арай.  
Айтшы сен, қасиетті атамекен,  
Атызды жасыл барқыт жапты қалай?!

Көш тартқан болашаққа ұлы іспенен,  
Сұлулық қанат жайды нұр үстеген.  
Көкшем-ау,  
Көз арбаған көк бояуың  
Жауыпты кең даланы пүлішпенен.

Мамырда күн күлгенде қуанышпен,  
Тың төсі жаңғырады бұла күшпен.  
(Сонау кез бүгін мүлде ұмыт болған,  
Сағымын сахараның құлан ішкен).

Маусымда орамалын бақ бұлғайды,  
(Ақселеу іздесең де таптырмайды).  
Жел тербеп желкілдейді көк балауса,  
Ертеңгі елестетіп ақ бидайды.

Күн сайын нұрға дала балқып, байып,  
Ақыннан жыр кестесін артық қайып,  
Көз жетпес көкжиекті әрі түріп,  
Кетеді сеялқалар барқыт жайып.

Боразда — қара барқыт, қара шапап,  
Бозарып көкжиектен қараса таң,  
Жайнайды біртін-біртін жап-жасыл боп,  
Боламын соған бейне балаша таң.

Жүрегін жалағандай арман-жалын,  
Бозторғай себелейді ән маржанын.  
Өркені өмірімнің сезем шалқып,  
Миллиард тамырына жалғанғанын!

## ЖОМАРТ ЖАЗ

Әлдилеп бұлбұлдардың әні оятқан,  
Әлемді тұр араймен аялап таң.  
Алмалар ақ шыт көйлек сәнге киіп,  
Жұпар иісі аңкиды сая бактан.

Жайнап мың жапырақтың жасыл әрі,  
Тоқталар емес нұрдың тасығаны.  
Көкпеңбек бораздалар  
Көйлегінің  
Етегін көкжиекке жасырады.

Ауладан айдын жаққа жол шықты алып,  
Аузымен қармайды ауа шоршып балық.  
Көк аспан қарайды жер ғашығына.  
Баяғы қарағандай сол сұқтанып.

Сұлудай лебінен ескен арман,  
Толкиды толықсыған кестелі орман.  
Сол жактан сыбызғы әндер сыңсиды ылғи,  
Бір рет тындасаң-ақ есте қалған.

Секілді аңсағаны, көксегені,  
Самалға жұпарын гүл көп себеді.  
Маржанын жусан жиып алады тез,  
Көк нөсер көк белестен төксе бері.

Жайқалған жас балауса еңіс пен өр,  
Күн жақын балдай шырын жеміс терер.  
Пейіш қой жасыл жайлау,  
ал шопандар  
Секілді бейіштегі періштелер.

Бар асау екпінінде күйдің күші,  
Жүзінде алаулаған күн күлкісі,  
Өңгерте салды алдыма жыр-көкпарды  
Құйғытқан құлагермен бір жылқышы.

Тамаша той-думаны тосып алар,  
Қаныңда жігер, қуат қосыла ағар.  
Қытымыр қыста жаның сағынатын,  
Жомарт жаз, ей, ағайын, осы болар.

Басылған жан-сезімге мөр-күндері  
Жомарт жаз келсе кімге өң кірмеді?!  
Түбіңе көк аспанды апты аударып,  
Мәңгілік сусынындай мөлдірлері.

\* \* \*

Ән мен жырдың қаһарманы  
Сәкен де жоқ, Қасым да жоқ.  
Жоқ Біржан мен Ақан-дағы,  
Көкше Көкше, өзін барсың!

Саған ажал бата алмады!  
Жер-жиһан бір тулағанда.  
Найзағайлар айқыш-ұйқыш  
Көк аспанды турағанда —  
Жерге түскен қиықтай боп,  
Қап қояды тұлғаң ойда.  
Келген аңсап түзден қиян,  
Қарсы аласың құшақ жайып  
Ұл мен ғазиз қызды алдынан,  
Ата қазақ көкірегіндей,

Күңіренеді күз бен қияң.  
Шіркін, Көкше, майса белім,  
Жартасыңа жан бітіріп,  
Жаңғыртты сан жайсаң елім.  
Аумағыңды ән кернеді  
Айтқанда кеш ай сәлемін.  
Айтқанда таң күн сәлемін,  
Сай-салаңды сүй деп сипап,  
Күй еркесін жұмсады елім.  
Тазарады дерттен мүлде  
Көкіректі жуса лебің,  
Көкше, Көкше, базарлым-ау,  
Сен жайыңда тебіреніп,  
Дегем жоқ жыр жазармын-ау.  
Шабытқа бір мас болдым мен,  
Ғашық етіп ажар мынау!  
Орман күйі, жел күйімен  
Жан еріді, жүрек балқып,  
Махаббатың жеңді білем!  
Жәй тартты ойым жарқылдағал  
Сонау аспан зеңгірінен.



## ДӘНСТАН

Жағалай жері де — тын,  
Елі де тын,  
Көкжиек жүрген сайын керілетін,  
Қайрылып қара шаштай бораздалар  
Соқаның саусағымен өрілетін.

Бел де тын,  
Белес те — тың туырылған,  
Көдесі күн көзіне қуырылған.  
Сап-сары сары даланың сауырынан  
Қап-қара қара таспа суырылған.

Қырмызы қыры да — тын, ойы да тын,  
Тың дедік жаңадан біз қойып атын.  
Сені сенімді адамдар мекендеген  
Тек қана жақсылыққа бой ұратын.

Сұр дала, елестетіп жасыл көлді,  
Қуантты сансыз масақ ғасырды енді.  
Табиғат қандай мықты,  
Ал адамның  
Одан да құдіреті басым болды!

## ҚОЛ ДИІРМЕН

Үні енді естілмейтін болды үйімнен,  
Сонда да ұмытпаймын сол күйін мен.  
Ұйқымды шайдай ашып жіберетін,  
Таң алдында тартылған қол диірмен.

Талайлар дырылдаған үнін күтті,  
Қол диірмен тартылса күнім құтты!  
Қуанышқа кенелтіп соның үні,  
Оятатын еді сол кіл үмітті.

Анашым ақ бидайды танбай тартып,  
«Еңбек ет,  
Жоқ,— дейтұғын,— мұндай бақыт!»  
Диірменіміз,  
Бар еді дәніміз де,  
Ешкім де бізден онда тұрмайды артық!

Қол диірмен үнімен таң да қызық,  
Қоятын нан жоқ еді онда тізіп.  
Анашым үйге келген балаларға  
Беретін жаңа піскен наннан үзіп.

Қап қойған сол бір жылдар шалғай қалай?!  
Сонда тық-тық қағылған таңдайлар-ай,  
Дөп-дөңгелек, қап-қара қара тастың  
Тіршіліктің көзіне айналғаны-ай.

Орындалды алдағы үміт, арман,  
Қол диірменнің бұл күнде үні қалған.  
Ұйқымды шайдай ашып жіберетін,  
Сонда да мен сол үнді ұмыта алман!

\* \* \*

Төпе, жауын,  
Төпе, төпе, төпелс,  
Менің жылтыр сулығымнан өте ме?  
Күркірейді,  
Шатырлайды неткен күш?  
Қақ бөлініп аспан құлап кете ме?!

Төпе, жауын,  
Төпе, төпе апталап,  
Көде қурап,  
Шандақтанып жатты алап.  
Көл тартылып,  
Бұлақ біткен суалды,  
Нәрге жерік болды қазір шартарап.

Төпе, жауын,  
Қуатынды төгілдір,  
Бел-белесте сағым жүрсін көгілдір.  
Шөп атасы  
Шөл дегеннің не екенін  
Білмесінші,  
Гүлдесінші өңір бұл!

## АСПАННЫҢ ЖҰЛДЫЗ ҒОЙ ЖАНАРЫ

Сәулелер әдилеп даланы,  
Ауаға сурет салады,  
Тербеткен алтын мұрт масақты  
Танапқа таңдана қарады —  
Аспанның жұлдыз ғой жанары.

Көгілдір Көкшенің алабы  
Түнде де от болып жанады.  
Қып-қызыл маржанды қызықтағ,  
От болып ерке өзен ағады,  
Нұрланып айдың да жанары.

От-өзен тынымсыз өрлейді,  
Түнімен жарқырап сөнбейді,  
Қызыл шоқ секілді қызыл дән.  
Бойынды күш-жігер кернейді.  
Сап-салқын күзде де бой ысып,  
Мандайың еңбектен терлейді.

Дикандар жігерлі, намысты,  
Биіктен-биікке өрлейді.  
Сол үшін ұйқы да көрмейді,  
Даланың дабылды ерлерін  
Ешқандай қиындық жеңбейді,  
Жымындап жұлдыздар сияқты  
Танаптың оттары сөнбейді,  
Жалыны биікке өрлейді!

\* \* \*

Шат-шадыман боп бәрі,  
Сыр шертсін гүл шоқтары.

Түйілсін бұлт, түнерсін,  
Жаңбыр жаусын,  
Гүл өнсін!

Нәр ап қара топырақ,  
Өссін перзент — жапырақ.

Ауа мен Су — анасы,  
Жайнасын ел даласы!

\* \* \*

Көңіл қойып дала даусын тындандар,  
Онда сыр бар,  
Онда жыр бар,  
Онда ән бар.

Топырақ та өзінше сыр шертеді,  
Қара қоңыр түрінде де мол мән бар.

Тыңда мені,  
Тыңда диқан қауымын,  
Селдетейік өлең-жырдың жауынын.  
Күз қырманда алтын таулар өсірген,  
Ырыс көзі,  
Құтты мекен ауылым!

Кең даламда тым ерекше гүл көркем,  
Көктемгі оның әрбір күні жылмен тең.  
Тіршілікті аялайды диқандар —  
Топырақтан сығалайды нұрлы өркен.

Аяласа, топырақ та сыр ашқан,  
Әрбір ісін молшылыққа ұласқан.  
Жап-жасыл жер көкжиекпен астасып,  
Кеңірек боп көрінеді мұнда аспан.  
Диқан ісі — Ерлік қана

қадірлі!

Арпалыста ол абдырамас —

Сабырлы!

Сертке берік, сері жандар сенімді,  
Диқан қауым сындырмайды сағыңды.

Алтын дәннің сырты қызыл,

Іші аппақ,

Жігіттер жүр ел сенімін құшақтап.

Диқандарда биік меже —

Миллиард!

Диқан қауым жүре алмайды ұсақтап!

## ДИҚАН СӨЗІ

Бриллиантка бір дәніңді бермеймін,  
Алтын емес,  
Астық үшін терлеймін!  
Ел ырысын,  
Ел байлығын жинауда,  
Түнде де от боп  
Маздап жанам, сөнбеймін!

Еске аламын жиі бала-шағымды.  
Сақтап қалған бір үзім нан жанымды!  
Мен диқанмын  
Қуат берер адамға,  
Келем жинап қып-қызыл дән —  
Жалынды!

## ІЗДЕ МЕНІ

Ізде мені,  
Табасың тек іздесең  
Егіпжайдың арасынан күзде сен.

Ізде мені тасығанда алтын дән,  
Қою түнде қырмандағы жарқылдан.

Болып па едің қырда — дала қосында,  
Көктем, күзде тұрамын мен осында!

Ізде мені,  
Кең даладан сен ізде,  
Тұрағым күзде алтын дәнді теңізде!

## АНАМА

Анашым-ау,  
Қашан да жадымдасың,  
Білем сендей жанашыр табылмасын.  
Бір мен үшін күні-түні ұйқы көрмей,  
Қөмек сұрап құдайға жалынғансың.

Білемін,  
Енді қайта оралмассың,  
Мен де енді қайта сәби бола алмаспын.  
Өзің барда әлі жас секілді едім,  
Мұндайда мұңаймас кім,  
Толғанбас кім?!

Бүгін менен өмірде бар ма мұнды?  
Сездім жаңа есейіп қалғанымды.  
Отыр мәңгі сөндірмей ошағыңның,  
Жалғастыра алам ба арманыңды?

Анашым-ай, ешқашан ұмытпаймын,  
Өлең жазып ойымды сұрыптаймын.  
Бір өзің деп өртенген жүрегімді,  
Жаным барда бір сәтке суытпаймын.

Көз алдымда отырсың,  
«Күнім» дедің...  
Көз алдымнан кетпейсің бүгін менің.

...Анашым-ай,  
Өзіңнен айнымаған  
Немеренді көргенде күлімдедім...



\* \* \*

Қара құрдай жалп еткізіп қанатын,  
Түскендей-ақ трактордың алдына,  
Жыртқан жерге тығылады кара түн,  
Түнгі оттардан жасқаншақтап қалды ма?!

Қарай-қарай айдың көзі талды ма,  
Үйқысырап ол да аспаннан құлады.  
Трактордың екі шамы  
Алдымда  
қанатын топшысынан ұрады.

Жердің тұнық,  
Бауыңи самал ауасы,  
Күлуадан аласың бір күш те сен.  
Қытырмас Көкшетаудың даласы  
Бар бады трактордан түспесең.  
Бұл өм.  
Алданды құдай жарық қып түн құшағын,  
Көбімізді жалынды жас жүректер.  
Көбімізді жмол өнімнің тұсауын,  
жасап жатыр мың өткел!

Келіншектер :  
Келіншектер -  
Қанатың!  
Келіншектер жі  
Аспандатып жібе,

## АНАМА

Анашым-ау,  
Қашан да жадымдасың,  
Білем сендей жанашыр табылмасың.  
Бір мен үшін күні-түні ұйқы көрмей,  
Қөмек сұрап құдайға жалынғансың.

Білемін,  
Енді қайта оралмассың,  
Мен де енді қайта сәби бола алмаспын.  
Өзің барда әлі жас секілді едім,  
Мұндайда мұңаймас кім,  
Толғанбас кім?!

Бүгін менен өмірде бар ма мұңды?  
Сездім жаңа есейіп қалғанымды.  
Отып мәңгі сөндірмей ошағыңның,  
Жалғастыра алам ба арманыңды?

Анашым-ай, ешқашан ұмытпайм?  
Өлең жазып ойымды сұрыптайып кеткен бе?  
Бір өзің деп өртенген жүрегім,  
Жаным барда бір сәтке суытп<sup>шілік,</sup>  
шығып.

Көз алдымда отырсың, <sup>ді</sup>  
«Күнім» дедің...  
Көз алдымнан кетпейсің

...Анашым-ай,  
Өзіңнен айнымаған  
Немеренді көргенде

\* \* \*

Қара құрдай жалп еткізіп қанатын,  
Түскендей-ақ трактордың алдына,  
Жыртқан жерге тығылады кара түн,  
Түнгі оттардан жасқаншақтап қалды ма?!

Қарай-қарай айдың көзі талды ма,  
Үйқысырап ол да аспаннан құлады.  
Трактордың екі шамы  
Алдымда  
Түн қанатын топшысынап ұрады.

Түнің тұнық,  
Силқын самал ауасы,  
Сол ауадан аласың бір күш те сен.  
Жалықтырмас Көкшетаудың даласы  
Апта бойы трактордан түспесең.

Жұлдыздардай жарық қып түн құшағын,  
Жер осылай жалынды жас жүректер.  
Қиын тастап мол өнімнің тұсауын,  
Молшылыққа жасап жатыр мың өткел!

\* \* \*

Оятып ойларымды бұлақтарың,  
Тербетіп шабытымды құрақтарың,  
Далам-ау, күні-түні маза көрмей,  
Өзіңді дәнмен бірге жыр баптадым.

Өзендей көлге жетпей тынбайтұғын,  
Мен бір жан дала сырын тыңдайтұғын.  
Жанымды еліктіріп әр құбылыс,  
Өтеді өкінішсіз жырдай күнім.

Көзімді байлай алмас сағым деген,  
Мен келем тау суындай ағынменен.  
Көктемде  
Көп еңбекпен сепкен дәннің  
Бас алып бойлап өскен шағын көрем.

Жырға да,  
Егіске де уақыт табам,  
Жатады сыйын күнде тартып далам.  
Әр масақ,  
Әрбір жырым — бөбегімдей,  
Елімді қуанта алса,  
бақыт маған!

\* \* \*

Жер жұлдызы  
Көк жұлдызын  
Адастырып кеткендей.  
Жер жұлдызы  
Күннің нұрын  
Қуып замат жеткендей.

Түн де қазір күндізгідей,  
Ай да шалқып күледі.  
Осындайда көзін ілмей  
Қомбайншы жүреді.

Таң ағарып,  
Таң шолпаны  
Бізге жымың қаққандай.  
Таудың қайың, терек, талы  
Бола қапты ақ мандай.

Жатыр, әне, жол керіліп,  
Сайрап кетті тіршілік.  
Қоқжиектен көтеріліп  
Қеле жатыр күн шығып.

\* \* \*

Еккен гүлім өсіпті,  
Көгеріпті егінім,  
«Уақыттан кешікті» —  
Дей алады мені кім?  
Күлді көңіл — бұлағым,  
Ой-тұнығым мөлдіреп.  
Тірлік жырын ұғамын,  
Жайнап кетті төңірегі  
Өзім еккен жас шыбық,  
Бүршік жара бастадың.  
Жақындады жақсы үміт,  
Жадырады аспаным.

## ДАЛА ОТТАРЫ

Еңбек еткен адамға  
Байқалмайды түнгі ызғар.  
Бидайлы кең даламда  
Жарқырайды жұлдыздар.  
Түнгі оттары даланың  
Көңілдегі сезімдей.  
Қуанышты апаның  
Нұрға толған көзіндей.  
Думандатып таң алдын  
Шулап жатыр теңіздей.  
Композитор  
Жаңа әннің  
Соңын жазған кезіндей.  
Ән-күйменен атқан таң,  
Ән-күйменен батады.  
Бейне дала дастарқан,  
Кең жайылып жатады!

## МЕН ДАЛАНЫҢ ҰЛЫМЫН

Дарқан көңіл далада өстім,  
Жуынып мен бұлағына.  
Үйреткен жоқ маған ешкім,  
Құйып бәрін құлағыма.

Көзбен көрдім,  
Қолмен істеп,  
Кең даланың тіршілігін.  
Егін ектім,  
Жол тегістеп...  
Қисайтпадым бір шыбығын.

Тамсанбаймын жұрттан естіп,  
Диқан қырын,  
Дала сырғын.  
Шаңын да оның жұтқан тершіп,  
Қарт диқанның баласымын.

Күресте боп өнім үшін,  
Аудардым жер қара шымын.  
О, келешек,  
Сенің үшін  
Диқандардың ағасымын!

• • •

Мен даланың гүліндей боп көктедім,  
Туыс болдым кең құшағын ашқанға.  
Құйын болып дөңгеленіп кетпедім,  
Даңғойлықтан аулақ едім қашан да.

Қырдың гүлін тақия ғып кидім де,  
Күннің нұрын, Ай сәулесін жамылдым.  
Өмір сені өзімше мен сүйдім де,  
Жырға қостым қуанышын жанымның.

Қай жағыма қарасам да  
Құлпырып  
Дала жатыр шұғылаға бөленген.  
Ырыс-дәулет қойынында тұр тұнып,  
Бар бақытты осы өңірден көрем мен.

Басын иіп Көкшетаудың көк талы,  
Тербетеді сандуғашын сайраған.  
Қандай жақсы жүректердің соққаны,  
Мына өмірдің қызығына тоймаған!



## ТУҒАН ЕЛ

Жаралғанмын,  
Нар алғанмын төсіңнен,  
Отан-ана,  
Сен аялап өсірген.  
Шәлкестігім болса егер жасымда,  
Ұлы жүрек бәрі-бәрін кешірген.

Биік ұштым шынға шырқап, қияға,  
Қушығым көкірегіме сыя ма?  
Қыран бар ма  
Баланаңын түлетпей,  
Самгата алмай қалып қойған ұяда?!

Туған ұям, бұза алмаймын салтыңды,  
Бойға түйген өнерім бар сан қырлы.  
Отан-Ана,  
Өсірмекпін әрқашан  
Сенің биік,  
Сенің ұлы даңқыңды.

Өмір-теңіз,  
Толқынымен ойнаймын,  
Тереңіне —  
Тұнығына бойлаймын!  
Асау теңіз, шетке мені лақтырма,  
Сенің қызық думаныңа тоймаймын.

Өмір — теңіз, тулап жатқан айдыны,  
Бақыт керек,  
Болғым келмес қайғылы!  
Маңдай терді тамшылатып келемін,  
Қуантамын деп өзінді қай күні?!

## БИІКТЕН-БИІККЕ

Қазақстан —  
Құлпырған гүлстаным,  
Нұрлы көктем,  
Күлімдер күміс таңым,  
Жаны дарқан,  
Жалынды достарым бұл,  
Қаһармандай қаны бір туыстарым.  
Қазақстан —  
Байтағым, туған елім.  
Ежелден қойның ырыс, думан едің,  
Өр туған өрендерің өзің үшін  
Атой сап асуларға, бұған белін.  
Маржандай тамшылатып маңдай терін,  
Қашанда талпынудан танбайды ерің.  
Ырыс боп шалқып жатқан шалқар далаң,  
Көз салсам келбетіне, қандай керім.  
Алатау, Алтай, Жайық, Арқам менің.  
Елі — еркін, жері — жомарт, дарқан белім.  
Ғарышқа қанат қағып асыл арман.  
Мәртебем артқан сенің арқанда, елім.  
Жайнаған жер жанпаты, жасыл өңір,  
Өзінде өркен жайған асыл өмір.  
Бақыттан асып-тасқан елді көріп,  
Тебірен, толқын атып, тасы көңіл.  
Қашаннан мекенісің берекенің,  
Шадыман, әлемге аян, ел екенің.  
Жатасың мың құлпырып иран бақтай,  
Кезіндеі салтанатты мерекенің.  
Айналдым атамекен, ырыс далам,  
Төріңде бейбіт өмір тыныстаған.  
Бақытты болашаққа,  
Бастайды алға,  
Партиям нарттай қызыл ту ұстаған!

## АЛТЫ БАЛАМ

Алты балам — аспаным  
Жұлдыздарын жайнатқан.  
Алты тарау дастаным,  
Ата-анасын ойлантқан.

Алты балам — алты орман,  
Сыр — самалын ойнатқан.  
Алты жақтан алты арман,  
Ата-анасын толгантқан.

Алты балам — алты көл,  
Алты өзен таситын.  
Алты балам — алты жол,  
Себебім жоқ жаситын.

Алты өзенім тасыған  
Бір арнаға құяды.  
Алты түлек, жас ұлан  
Шарлар биік қияны.

## ЖЫР ӨЗЕНІ

*Мұқағалиға*

Адам — қонақ өмірге келер, кетер,  
Өз үшімен әр жүрек өлеңдетер.  
Дара туған дарындар дабылдатып  
Келешектің құлағын елеңдетер.  
Келешектің орманы құлақ түріп,  
Ақын жыры — ағады бұлақ күліп,  
Өзендері өмірдің тоқтамайды,  
Қыстың мұзын қиратып, лақтырып.  
Өлең-өзек қашан да қалмас тынып,  
Тынышмайды арнасын алға асырып.  
Теңіз бенен құрлықты қосқан сонда  
Жатиды ол ұрпақтарды жалғастырып.

\* \* \*

Сап түзеген тауларым,  
Биігіңе құштармын.  
Таң алдында бауларын  
Сайратады құстарын.

Билетеді қайыңын,  
Жел сыбызғы тартқанда.  
Тас бұлақтың бал үнін  
Сыңғырлатып ақпанда.

Күмбірлетіп күй шертіп,  
Өзендерің тынбаған.  
Ақын жаным жырға елтіп,  
Бала күннен тындағам!

Алыстап кетсем,  
Тауларым  
Мені іздеп көшіп кетердей.  
Ауылым түгіл,  
Ауданым  
Соңымнан қуып жетердей.

Алыстап кетсем,  
Көлдерім  
Толқынын көкке атардай,  
Асығып қайтып келемін,  
Шалғайда шалқып жата алмай.

\* \* \*

Шаттықтан жан жадырап, жүзім күлген,  
Диканмын ұйқымды ұйқас бұзып жүрген,  
Ой — отым оятады кең даланы,  
Жалқаулықтың белін сан  
  бүгілдіргем.

Гүлдер басын көтеріп маған қарап,  
Толқын кесті бір сәтте сағымды алап.  
Қарайлаумен ай батып бара жатыр,  
Ковжиектен күн көзі тұр сығалап.

Мейірлене қараймын жасыл қырға,  
Елімнің ризығы жатыр мұнда.  
Кү де шалқып тасиды бар байлығым,  
Айналады алтын дән асыл жырға!

\* \* \*

Мен де енді кішілерге ағамын-ау,  
Ой айту керек шығар бағалылау.  
Биіктеген сайын сен өрлеп көкке,  
Төбе болып төмендеп қалады тау.

Кеудесінде жатпаса бұлақ ағып,  
Марал суын жұтпаса тұра қалып,  
Биік тастың тірлікке қажеті не,  
Кім көркейер көк тастан қына қағып?

Баптаймын шабытымның өсер кезін,  
Бойымды билеп алды нөсер сезім.  
Жастығым жалын болып лапылдаса,  
Семсер боп болатты да кесер кезім.

Ұрындым жолдың талай бұрмасына,  
Сонда да шықпай қойман шың басына.  
Барайын асау өзен, бал бұлаққа,  
Оқимын өлеңімді сырласыма.

Тіпті де қиындықтан жасқанбадым,  
Көргем жоқ бақыт оңай басталғанын.  
Білемін,  
Білемін мен әрбір адам  
Өмірде тек еңбекпен аспандарын.

## ҚЫС КЕЛЕДІ

Қыс келеді,  
Сықырлап қыс келеді,  
Аязы да адамға күш береді.  
Жан-жағыңа қарасаң — аппақ әлем,  
Жатып алып бұлақтар тістенеді.

Қыс келеді,  
Қиһарлы қылышымен,  
Жылт-жұлт еткен ақ моншақ күмісімен.  
Қыс келеді,  
Ел қонып қыстауларға,  
Айналысып жатады жұмысымен.

Қыс келеді,  
Сустанып қысылғанға.  
Жанырақтай — жел ақ қарды ұшырғанда,  
Ақтарылар ағын-жыр ағыл-тегіл,  
Ақ жүрегін ақындар ұсынғанда.

## ҚЫС

Бұлақ тына қалыпты,  
Ала жаздай шапқылап.  
Ала өзін танытты  
Құлағымнан тартқылап.  
Басқан жерің сықырлап,  
Ала әніп құбылтты.  
Долы боран бұрқылдап,  
Қойынға қол жүгіртті.  
Тал иілген келіндей,  
Шананы айнақ даланың.  
Домбыраның ішеріндей  
Елің қара шананың!

А

## ШАПАҒАТ

Арайлы Октябрь таңы атып,  
Шұғыла-шуағын таратып,  
Қеремет басталды елімде,  
Әлемді аузына қаратып.  
Көгімнен күлімдеп күн шығып,  
Құлпырды кураған тіршілік.  
Дүние жаңарып, жаңғырып.  
Өмірге ұмтылды құлшынып.  
Ел едік езілген еңіреп,  
Қыспақта тұншыққан өмір ек,  
Күн көсем жеткізіп теңдікке,  
Көктемдей түледі төнірек.  
Маңдайдан тамшылап күміс тер,  
Басталды өзгеріс, ұлы істер,  
Ертеңге ерлікпен аттанды  
Қаһарман шаруа мен жұмыскер!  
Көңілден ғайып боп аза-мұң,  
Даламды тербеді ғажап үн:  
Теңдіктің, достықтың әнімен  
Қарыштап басты алға қазағым.  
Бұл достық — шым болат шындалған.  
Жасымай өткен сан сындардан.  
Келеді келешек ғасырға,  
Кеудесін жылытып нұрлы арман.  
Ол бүгін жеңімпаз — жарыста,  
Кемеңгер көз тіккен алысқа.  
Биіктеп Байқоңыр төрінен  
Қанатын қаққан ел ғарышқа.  
Түлеткен кең, байтақ даланы,  
Тұрғызған сан алып қаланы,  
Сол жерден шерулеп барады,  
Ертеңге  
Миллиард Парады!..



## БАҚЫТ БАСТАУЫ

Партияның бастауында — бар бақыт,  
Күлімдейді аппақ болып таң да атып.  
Партияның съезінің шешімі  
Ұлы елімді барады алға самғатып.

Көзек келді,  
Керек болды мол астық,  
Молшылыққа бүкіл ел боп жол аштық.  
Соның бәрі съездердің шешімі,  
Даналығы,  
Әділдігі,  
Жаристық!

Диқан, шопан — мақтанышы елімнің,  
Диқан, шопан — биігінде сенімнің!  
Бір ұлдары,  
Қилулысы халқымның,  
Төк соларда билігі де жерімнің.

Қиын-дағы еңбектері еселі,  
Диқан, шопан ел тағдырын шешеді.  
Олар бүгін делегаты съездің,  
Оралмасқа кеткен азап кешегі.

Көше де емес,  
Қилған азап әріде,  
Кірген бүгін бар дүние сәніне!  
Аят елім өркен жайған,  
Шығайған,  
Төтеп беріп қиындықтың бәріне.

Ел намысын,  
Бір намысын сақтайтын,

Әрқашан да сенімдерді ақтайтын,  
Қайраткерлер қатарында диқан бар,  
Туған елдің ризығын баптайтын.

Қиындықта бас имеген тосылып,  
Шопаным жүр ақтылы қой өсіріп.  
Партияның батыл, отты ұраны  
Жігеріне жігер болып қосылып.

Білек қосып шаруа мен жұмысшы,  
Алып келе жатыр алға ұлы істі.  
Ми далада бой көтерді қалалар,  
Елім бүгін тасытуда ырысты.

Гүл жайнаған,  
Нұр таймаған заманда,  
Қызу еңбек ауылымда,  
Қаламда!  
Біздің елде барлық адам бақытты,  
Бақыт оты жарқылдайды жанарда!

Күшіміз бар,  
Ісіміз көп тындырған,  
Даламыз да,  
Қаламыз да құлпырған.  
Менің ұлы дәуірімнің бақыты —  
Партияның съезімен бір туған.

Тосады елді  
Алда ұзақ жол әлі,  
Ертеңімнің анық жарқын болары!  
Болашаққа бірге адымдап келеміз,  
Тілек біреу,  
Жүрек бірге соғады.

Алл ауыздық —  
Сүм соғысты ашатын,  
Достық, Бірлік —  
Дүлей күшті басатын.  
Соғыс емес,  
Соғыс емес!  
Ынтымақ —  
Ил мен елді бауыр етіп қосатын.

Дәуірлейді ұрпағым да,  
Ұлтым да,  
Вайғақ елім,  
Бүгін менен сыр тыңда!  
Ар-ожданым,  
Бақ-дәулетім —  
Бәрі де  
Шартымен әрқашан бір —  
Бір тұлға!

Шешімінде болмайды еш шегініс,  
Коммунистік партия ата тегіміз.  
Өрге ұмтылған өрісі кең халықпыз,  
Дипилықтың,  
Дарқындықтың еліміз!  
СССР — еліміздің есімі,  
СССР — бейбітшілік бесігі!  
Ақын,  
Алар алдағы сан белестер —  
Өсежылдықтар — съездердің шешімі!

Өсежылдықтар — өнер, білім өрісі,  
Келелі ісі,  
Келешектің жемісі.  
Өсежылдықтар —  
фабриктер,

Заводтар,  
Жаңалықтар,  
Жаңа алыптар теңізі!

Бесжылдықтар — биіктерге шарықтау,  
Болашақты болжай білу,  
Анықтау.  
Съезд сыры — осылардың барлығы,  
Аппақ күріш,  
Алтын астық — алып тау.

Өз қолымен жұмысшылар жасаған,  
Бесжылдықтар — жаңалықтар самсаған.  
Диқандарым  
Жиырма алтыншы съезді  
Миллиард пұт алтын дәнмен қарсы алған.

## ТУҒАН ЖЕР ТОПЫРАҒЫ

Туған жердің топырағын уыстап,  
Тегістеймін,  
Арамшөбін қылыштап.  
Мен қашан да жеңілдікті сүймеймін,  
Мандай термен келеді тек ырыс-бақ.

Құнар беріп,  
Шалшықтарын құрғатып,  
Терең-терең тамырларға тіл қатып,  
Өсімдікпен өлеңменен сөйлесем,  
Әр адамға кездеспейтін бұл  
Бақыт!

## ҚАСИЕТ

Мен диқанмын ең даланы түлеткен,  
Алтын дәнді күні-түні жыр еткен,  
Ақшыммын гүл жайнаған Отанның  
Көкірегіне көл-көсір ой түлеткен.

Қиындықты, ауырлықты қаусатқан,  
Албырт үнім жүректерді аңсатқан.  
Алқашым — ел ырысы ақ маржан,  
Сүйсіндіріп таңдайларды тамсатқан.

Ақындық пен диқандығым алмасып,  
Житыр мәңгі бір-біріне жалғасып.  
Бұл екеуі бірін-бірі қолдасып,  
Тоқтамастан кетер мәңгі алға асып!

## АҚЫН

Жаңыны жақсылықты азық қылып,  
Жүреді жырыменен саз ұқтырып.  
Көйде долы борандай оның жаны,  
Ал көйде ол көктеменің нәзік гүлі.

Аңыз қылып айтады ол гүл даланы,  
Қос жанары күн болып нұрланады.  
Адалдықтың айбарлы таңы болып,  
Арамдықты жоям деп шыңдалады.

Мұң ұсынған адамға гүл ұсынып  
Жайраң қыгар,  
Ал көйде жүзі сынық.  
Көйде шалқып-таспай теңіздегіні,  
Алмасарып, ал көйде іркінін.

Жыр жазып талай түндер көз ілмеген,  
Қиындарға ол түседі төзімменен.  
Өзімшілдің өзегін сырқыратып,  
Бірге жүр жақсылықтың өзіменен.

## ӨЛЕҢ ЖАЗЫП ЖАТЫРМЫН

Ойынан ой туатын,  
Буын билеп қуаты,  
Шығады екен шарықтап,  
Мың ақыннан бір ақын.

Жалыны өшпес сол жандай,  
Келер күнімді армандай.  
Өлең жазып жатырмын,  
Шабыттанып, самғардай.

Аз ойын, той, базары,  
Адам төзбес азабы.  
Ақын деген  
Өмірдің  
Өзі жайлы жазады.

Талай таңды атырдым,  
Талай күнді батырдым.  
Мен де өмір деп өртеніп,  
Өлең жазып жатырмын.

\* \* \*

Мінезің бір жас баладай,  
Көңілің жазық даладай.  
Ойымнан менің кетпейсің,  
Ойымпаз, жарқын, жан аға-ай.

Қырандай қатты қарымың,  
Дюлимдай дарқан дарының.  
Алпысқа тіпті келсең де,  
Жлетардай күшің,  
Арының!

Ажырың әлі таймаған,  
Өліңең сыршыл, ойлы адам.  
Қызғалдақ қуған баладай  
Қызыққа мүлде тоймаған.

Отырсаң кейде ән салып,  
Жүреді жұртың тамсанып.  
Мінезің бейне май гүлі —  
Сыр жатыр онда қапшалық!

## СОЛДАТТАР

Соғыс өрті дүрліктіріп әлемді,  
Соғқан іске душар қылды бар елді.  
Сонда да ол  
Құрты алмады біржола,  
Сүңкір ақын біздің Мұса Жәлелді.

Өттік жауын,  
Небір соғқан дауылдан,

Көрдiк соққы соғыс атты жауыздан.  
Бiрақ, бiрақ бүгiлмедi солдаттар —  
Соның бiрi — Момышұлы Бауыржан.

Бала едiм,  
Бiлем бiрақ соғыс не?  
Өртендi үйлер,  
Өртендi орман, егiс те.  
Қорғап қалды келешектi  
солдаттар,  
Бiздi ұлы жеткiздi де Жеңiске!

Туған Отан әрқашан да ардақтар,  
Өздерiңнен үлгi ап жастар алға аттар.  
Емендердей мәңгi жасай берiңдер,  
Қан майданда сынбай қалған солдаттар!

## КӨКТЕМ

Көктем келдi өзен-көлiн тулатып,  
Желек жауып,  
Көк орманын шулатып.

Күн күледi кең кұшағын гүлге ашып,  
Дегендей ол:  
«Ей, жiгiттер, қырға шық!»

Сай-салада бұрқан-талқан алысу,  
Сай-салада зулап алға жарысу.  
Арқар-сендер кең арнада тоғысып,



Шөгінсіп,  
Жатыр қайта соғысып.

Гүрс етеді,  
Қақ бөлініп ұшады,  
Жоқ қылады оны айдынның құшағы.  
Көк қырқаның көк сағымы — көк дөнен,  
Бәрі соның көңілімде болды өлең!

• • •

Қалдырды боразда ғып көктем ізін,  
Ал толқы жаз желімен, көк теңізім.  
Күн көлді шалқитын шын, көп тер төккен,  
Көрсетіп еңбегімнің көпке жүзін.

Сұлудий жаңа оянған төсегінен,  
Ал, дала, жуып жаздың нөсерімен.  
Сынымың қауызына уыз толып,  
Әр түйір дәлмен бірге өсемін мен!

Көк пенен көкірегінен нұр ақтарып,  
Қалды егін бой көтеріп, құлақтанып.  
Сынаймын кекілінен балаусаның,  
Жаппи күш, бойға жаңа қуат дарып.

Кішім жасыл жаздың жалауындай,  
Жүзім нұр ітқан тапшың алауындай.  
Шалқыған шалқар ырыс, пәсібесі,  
Өмірім жүрегімнің қалауындай.

\* \* \*

Ей, менің наубай далам, нанстаным,  
Келмейді өзіңнен сәл алыстағым.  
Май шыққан түгін тартса топырағында  
Сүйемін дән сабағы майысқанын.

Төсінде торғын, пүліш тоқымаққа  
Құлшына түспей көктем тоқырап па?!  
Жалғыз дән жерде өнбей қалмау үшін,  
Терімді қоса көмем топыраққа!

Оянам таң шолпаны жымындаса,  
Жылытамын салқын сәуір жылынбаса.  
Түсімді ақ бидайдың тұқымына  
Себемін бозторғайдың жырын қоса.

Көктемгі лебін жұтып тың даланың,  
Ұнатам тамырда қан тулағанын.  
Көгілдір көңіл күйдің нотасындай,  
Жазамын бораздаға тырна әнін.

## ҮМІТ

Көңілден үміт кетпейді,  
Көктемдей күліп жүремін.  
Мандай термен тек көктейді  
Сәбидей нәзік бұл егін.

Көктемнің күні — жылға азық,  
Бел шешпей жүрем күні-түн.  
Жатырмын қырға жыр жазып,  
Өссе екен, егін —  
Үмітім!

## ДОСЫМНЫҢ ҰЛЫНА

Талпыты бол,  
Халқың барда кемеңгер,  
Білімді адам  
Білген сайын тереңдер,  
Достырыңа өз әкеңдей адал бол  
Көзі өді деп жақсының ел елендер.

Сонди ғана сүйсінемін,  
Сүлемін,  
Тілектес бол, ыстығыңа күйемін,  
Сен үшін саған басымды немін,  
Сен үлкенсің,  
Туғаннан,  
Білемін.

Бір жігітті жетім еді демейді,  
Бүгін, міне,  
Адаматсың мерейлі.  
Сен әкеңдей абыройлы боларсың  
Бола алмасаң сенген елің не дейді?

Әкеңдей бол,  
Ақ жарқын, пәк көңілді,  
Саған доғым ұсынамын төрімді,  
Сөрік болып өткерейік жүр, жаным,  
Сөкпары көп қызықты бұл өмірді.

## ҚАРЫНДАСҚА

Қарындасым —  
Сен бір жасыл жапырақ,  
Суық сөзден жаның қалар қалтырап.  
Қабағыңа жуытпадым кірбінді,  
Көңілің сенің болмасын деп сан құрақ

Ерке елік ең еркін өскен далада,  
Әке орнына әке болдым, әрі аға.  
Саған деген ықыласым тым бөлек,  
Сағынышым жапырақтай сары ала.

Алсаң егер ақылымды айтармын,  
Ал, алмасаң —  
Көңілімді қайтардың.  
Бірақ мейлі қай тарапта жүрсең де  
Маған деген ықыласыңды байқармын.

Жек көремін Күннің ізсіз өткенін,  
Айтпағым да  
Арманым да көп менің.  
Мұңды бір ой отыр бүгін мазалап,  
Жанға батып хабарласпай кеткенің...

• • •

Қыңлім бар даладай,  
Дилалықпын,  
Ортасында жүремін сан алыптың.  
Сылы дала өрісті кеңейтеді,  
Шилалығын ұқтырып балалықтың.

Дилалда өстім,  
Қың сырды далада ұқтым.  
Дилалда бір мектебі даналықтың.  
Дилалықпын,  
Дилалымды егін еккен  
Қайырымын күтемін қара бұлттың.

Дилал сәнім,  
Қыңытым,  
Дилал тұлғам,  
Мұнда бәрі мейірімнен жаратылған.  
Миллиббатты,  
Шәкікті,  
Адилдықты  
Сыңыр жүрмін аққудың канатынан!

\* \* \*

Көріп  
Тұрған қызарып  
Гүлдің көркем жанарын,  
Саусақтарым ұзарып  
Ентелеп кеп қаламын.

Жұлайын ба?!  
Жұлмаймын!  
Ол сұлулық өйткені!  
Дала сырын тындаймын,  
Оның сыры көп тегі...

Қара бұлттан  
Бөлініп  
Жерге жібек түсті ме?  
Маржан тамшы төгіліп,  
Қонды гүлдің үстіне.

Күміс шапан жапқандай,  
Құя салды күн нұрын.  
Аймалап бір жатқандай  
Гүлдің нәзік бұрымын.

\* \* \*

Күл сәулесі тараса,  
Кірпігіндей көремін.  
Жарты ай күліп қараса,  
Қасың екен дер едім.

Сандуғаштар сайраса,  
Сенің үнің деп қалам.  
Дала гүлі жайнаса,  
Балғын жүзің деп қалам.

Қырға шықсам,  
Көлдерім  
Жанарың боп жалт етті.  
Сен боп барлық көргенім,  
Сен боп бұлақ әндетті.

Кеш самалы тербетіп,  
Жапырақпен сырласса,  
Үн қатқандай сен келіп,  
Жаным күліп тұрмас па?!

Сен сияқты таң нұрлы,  
Қойдың мені шөлдетіп.  
Ақын Жаным ән қылды  
Құсың биік өрлетіп.

Бәрі-бәрі қайталап,  
Өліңді еске салады.  
Күн өзің боп аймалап,  
Ай көзің боп жанады.

Сен боп таудан су ақты,  
Естіліп бил жатты үні.  
Бір өліңде сияқты  
Өмірдің бар шаттығы

\* \* \*

Тұрсыз тағы томсарып,  
Құрақ ұшып бас идім.  
Көңілденсең ән салып,  
Сәл мұнайсаң жасимын.

Мөлдіреген көзінді,  
Кімге қадар екенсің?  
Ыстық,  
Таза сезімді,  
Кімге арнар екенсің?!

Небір қауырт кезде де,  
Сен көңілден кетпейсің,  
Сағынғанда сен неге  
Бақытым боп жетпейсің?

Көңілдерде мұң тұнып,  
Сағынамын мен сені.  
Кел, жаным-ау, құлпырып,  
Көтеріп кет еңсені!



• • •

Жарымдаран жанарың  
Көзүңді басқара,  
Қыңқарасаң, қарағым,  
Жая бітер-ау тасқа да!

Көзім түссе көзіңе,  
Лүпілдейді жүрегім.  
Ынтығамын өзіңе  
Еш алаңсыз жүр едім.

Ытылдырым жоралып,  
Жасықтырым асқынды.  
Арман биікте ағарып,  
Алыстан-ақ мас қылды.

Олде менің жүрегім  
Өлімде емес, сенде ме?  
Бір өзің боп тілегім,  
Ынтығамын мен неге?!

Сен деп білем таң нұрын,  
Сен сұраққа қалдырдың.  
Көңілдің ақ жаңбырын  
Төксеңші бір, жан құрбым!

## АҢСАП ЖҮРМІН

Аңсап жүрмін, аяулым,  
Кеуде толы қаяу, мұң.  
Көңілдің көк дөнені  
Жығып кетті, жаяумын.

## СЕН КЕЛЕРСІҢ

Көңілімді шаттық кернеп,  
Жыр тербеп,  
Туған жердің қуатымен күнге өрлеп,  
Іздеймін мен бақытымның биігін  
Сол биіктік бір сен деп.

Биіктік те,  
Тереңдік те тек сенде,  
Маған сендей бола алмайды еш пенде,  
Сен келерсің аязды ақпанды өткізіп,  
Нәзік көктем жылы лебі ескенде.

Күтем сені мазам кетіп күні-түн,  
Күтем сенен тек махаббат, үмітім,  
Бақытыма жетеріме сенемін,  
Сенем сондай туарына Ұлы күн.

Адамдар бар таулардай  
Адамдар бар булагы.  
Адамдар бар көлдөрдөй  
Адамдар бар турган күрагы.

Адамдар бар дууылдай,  
Адалдыкка ашырган,  
Адамдар бар жлуындай,  
Төгін-төгін басылган.

Адамдар бар гүлдердей,  
Жан жүрөгү нөп-нөзүк.  
Күн боп омур күлгендей,  
Көңүлү көң, жан-жазык.

\* \* \*

Гүлдерін көргөндө даланың,  
Жиным-ду, сөңі еске аламын.

Көлдөргө кейде таң қаламын,  
Бөсімө түседі жанарың.

Вайқоғуш даланың ұлымын,  
Қарн жол аумаған бұрымын.

Қыргн да,  
Ойрн да қарадым.  
Бөрінен ұқсастық табамын.

Жөлменен құлакқа үнің кеп,  
Вулық боп қарадың күлімдеп.

Сөң күңдей күлімдеп тұрғанда,  
Аласн көрнер шындар да!

\* \* \*

Жәудір көзді елік ең,  
Қараушы едің сүзіле.  
Іздел жүрмін сені мен,  
Зар боп басқан ізіңе.

Іздел жүрмін,  
Үміт көп,  
Әр ауылдан,  
Қаладан.  
Бір күн өзін күліп кеп,  
Дер ме екенсің «ағажан?»»

Дер ме екенсің «сүйемін,  
Іздеп жүр ем сізді де...»  
Қайда кеттін, киелім,  
Үміт жібін үзді не?

Асыққанмен мен бүгін  
Үміт жібін жалғауға,  
Сен биікте бол, күнім,  
Жаралған ең самғауға!

• • •  
Буелда өңөмөң, өңөмөң,  
Мирга, Мирга, Мирга-өзөнүң.

Көңүлүңдү ачуупты,  
Жанымды өңөмөң тауупты.

Бир адым өңөмөң өркөшө сыйлайтын,  
Өңөмөң түрүңдө да кымайтын.

Тигдыр мөңү саран сактап койгандай,  
Кыргым-ай, ұтылдың-ау ойланбай.

## ӨНӨМӨҢ

Мөңү сөңү ұнатамын,  
Өңөмөң өңүң үшүн.  
Үңүмөң гүл атамын.  
Таркымий сарынышым.

Үңүңдү естіген жан,  
Рейтаран қала алмаған.  
Шығар алмай еш құмардан,  
Сол тигат таба алмаған.

Дилымның сандуғашын  
Көңдө өзүң деп қаламын.  
Көңтірің өңүң нәшін,  
Кымеңден төк, қарағым!

\* \* \*

Би білмедім,  
Кешір мені, Тамара.  
Енді үйреніп,  
Құмар оған қана ма?!  
Өскен жанмын жастайымнан жасықтау  
Қалада емес, далада.

Көңіл бөлмей  
Үйренбедім,  
Білмедім,  
Ең бір басты кемшілігім бұл менің.  
Таң сәріден дала кезген дағдымды  
Ақ қағазға түсіреді түндерім.

Би білмедім,  
Болды ма үлкен кемістік.  
Күндерім де өтті қызық,  
Ең ыстық.  
Мені үйіріп дөңгелетіп билетер  
Алтын масақ,  
Айдын шалқар егістік!

## ЖҰЛДЫЗ

Жылдар, жылдар, жылдар жылжып барад  
Жылдар — құстар, талмай қанат қағады.  
Іздейді адам алыс қалған жастығын,  
Қызыл шоқтай қыздарды еске алады.

Қызыл шоқтай қыздар от боп жанады,  
Жанады да жаныңа мұң салады.  
Ол алаулап көңіліңнің көгінде,  
Жарық жұлдыз мәңгі сөнбей қалады.

Тілектес одім өзіңді,  
Қала бер өлең көтпедің.  
Сондағы жылы сөзіңді,  
Сондағы маған өкпе-мұң.

— Тілектес одім, — дедің сен, —  
Қала бер өлең-дастанды.  
Сондағы ғана көрінсең,  
Аларсың биік асқарды.

Ақынсың, — дедің, — алымды,  
Ойыңа шыққан ел-жұрттың.  
Шуаққа бөлеп жанымды,  
Жырақтап тағы мен күттім.

Жан едің петкен төзімді,  
Түсімде мейлі көрсем де,  
Сондағы жылы сөзіңді  
Жеткізем нұрлы Ертеңге.

\* \* \*

Диланың самалы  
Көудемді қағады.  
Симилдай  
Төрбеліп  
Ойларым барады.

Ойларым ормандай,  
Олемге толғандай.  
Жүйткіді далада  
Жосылып жолдардай...

\* \* \*

Өмір деген немене:  
Жақсылықты тану ма?  
Теңіздегі кеме ме?  
Қияға жол табу ма?

Өмір деген немене,  
Самғау ма екен ғарышқа?  
Гүл ме әлде шөңге ме?  
Арынды әлде ағыс па?

Өмір деген немене,  
Тым алысқа жарыс па?  
Көзі бар ма?  
Көре ме?  
Бейтаныс па,  
Таныс па?

Қиял кумас жоқ ақын,  
Кейде самғап кетеді ой.  
Өмір деген  
Соғатын  
Өз жүрегім екен ғой.

Келем, еңбек, дос боп мен,  
Мәңгі дос боп өтем ғой.  
Күндеріміз босқа өткен,  
Жәй тіршілік екен ғой.

Ақында да бар қанат,  
Жетер ұшып ертеңге ой.  
Өмір деген — махаббат,  
Бейбіт еңбек екен ғой!



... атыр,  
... шы қалды.

... қосғалады,  
... бүрөктің боздараны.  
... боп кувшыш келері анық,  
... шыстап көлің жаз болады.

Тук  
Жа  
ар шрі тербейді таныс бақтың,  
... шығызбын...  
... алыстаттың?

... лік сілқындар деп ойламадым,  
... ің қайта табысар қайда амалым?

... міне, жанымды аяз қарып,  
... мын көңіл-көлім саязданып...

Жымде өлімсіреп сөнер мұңым,  
... ің шақырар келер күнім!

Өтірік.  
Күресім.  
Адалдықты.  
Жөңоріне сен.

\* \* \*

Өмір деген немене:  
Жақсылықты тану ма?  
Теңіздегі кеме ме?  
Қияға жол табу ма?

Өмір деген немене,  
Самғау ма екен ғарышқа ір?  
Гүл ме әлде шөңге ме?  
Арынды әлде ағыс па?

Өмір деген немене,  
Тым алысқа жарыс па? ең,  
Көзі бар ма?  
Көре ме?  
Бейтаныс па,  
Таныс па?

Қиял кумас жоқ ақын,  
Кейде самғап кетеді ой.  
Өмір деген  
Соғатын  
Өз жүрегім екен ғой.

Келем, еңбек, дос боп мен, м.  
Мәңгі дос боп өтем ғой.  
Күндеріміз босқа өткен, ам,  
Жәй тіршілік екен ғой. ласам.

Ақында да бар қайн сырласам.  
Жетер ұшып ең  
Өмір деген сырға ғой,  
Бейбітлік соларды жырласам.

• • •

Ғашықар өміріңнің біті қалды,  
Ғашықар өміріңнің біті қалды.  
Ғашықар өміріңнің біті жатыр,  
Ғашықар өміріңнің біті қалды.

Ғашықар өміріңнің біті қалды,  
Ғашықар бұл жүректің боздағаны.  
Ғашықар өміріңнің біті жатыр,  
Ғашықар өміріңнің біті қалды.

• • •

Ғашықар өміріңнің біті қалды,  
Ғашықар өміріңнің біті қалды.  
Ғашықар өміріңнің біті жатыр,  
Ғашықар өміріңнің біті қалды.

Ғашықар өміріңнің біті қалды,  
Ғашықар өміріңнің біті қалды.  
Ғашықар өміріңнің біті жатыр,  
Ғашықар өміріңнің біті қалды.

Ғашықар өміріңнің біті қалды,  
Ғашықар өміріңнің біті қалды.  
Ғашықар өміріңнің біті жатыр,  
Ғашықар өміріңнің біті қалды.

Ғашықар өміріңнің біті қалды,  
Ғашықар өміріңнің біті қалды.  
Ғашықар өміріңнің біті жатыр,  
Ғашықар өміріңнің біті қалды.

## КӨҢІЛ

Көнілді де бөлеміз,  
Ақ деп және кара деп.  
Содан жеміс тереміз,  
Жүректерде жанады от.

Көңіл кейде құйындай,  
Ұйқы-тұйқы болады.  
Кейде өмір сыйындай  
Тәтті сезім толады.

Көңіл кейде ашылар  
Жауын көрген гүлге ұсап.  
Көңіл кейде шашылар,  
Жаңа шыққан Күнге ұсап.

Таусылмайтын азық бұл,  
Қанатың ол,  
Талмасын!  
Көңіл деген нәзік гүл,  
Сөз суығы шалмасын!

3	3
5	5
6	6
7	7
9	9
10	10
11	11
12	12
13	13
14	14
15	15
15	15
16	16
17	17
18	18
19	19
20	20
21	21
22	22
22	22
23	23
24	24
25	25
26	26

Алты балам . . . . .	27
Жыр өзені . . . . .	27
«Сап түзеген тауларым...» . . . . .	28
«Шаттықтан жан жадырап, жүзім күлген...» . . . . .	29
«Мен де енді кішілерге ағамын-ау...» . . . . .	30
Қыс келеді . . . . .	31
Қыс . . . . .	31
Шапағат . . . . .	32
Бақыт бастауы . . . . .	33
Туған жер топырағы . . . . .	36
Қаснет . . . . .	37
Ақын . . . . .	37
Өлең жазып отырмын . . . . .	38
«Мінезің бір жас баладай...» . . . . .	39
Солдаттар . . . . .	39
Көктем . . . . .	40
«Қалдырды боразда ғып көктем іліп...» . . . . .	41
Ей, менің наубай далам, нанстаным...» . . . . .	42
Үміт . . . . .	42
Досымның ұлына . . . . .	43
Қарындасқа . . . . .	44
«Көңілім бар даладай...» . . . . .	45
«Көріп...» . . . . .	46
«Күн сәулесі тараса...» . . . . .	47
«Түрсыз тағы томсарып...» . . . . .	48
«Жарқылдаған жанарың...» . . . . .	49
Ансап жүрмін . . . . .	50
Сен келерсің . . . . .	50
«Адамдар бар таулардай...» . . . . .	51
«Гүлдерін көргенде даланың...» . . . . .	51
«Жәудір көзді елік ең...» . . . . .	52
«Би білмедім...» . . . . .	53
Жұлдыз . . . . .	53
«Әуелден-ақ мен сырыңды сеземін...» . . . . .	54
Әншіге . . . . .	54

Түсімде . . . . .	55
«Даланың самалы...» . . . . .	55
«Өмір деген немене...» . . . . .	56
«Көңіліңе қарамайтын ағалар...» . . . . .	57
«Табанымды тас тіліп...» . . . . .	57
«Бал бұлақ бейне қол шапа...» . . . . .	58
Сырласым . . . . .	58
«Өңімде өкіліштің ізі қалды...» . . . . .	59
«Тыныштығы тербейді таныс бақтың» . . . . .	59
Көңіл . . . . .	60

**Нурмияш Кубенов**

**ҚОКШЕ**

*стихи*

*(На казахском языке)*

Редакторы *С. Оспаков*

Суретшісі *А. Островская*

Көркемдеуші суретші *Н. Буба*

Техн. редакторы *Г. Ахимова*

Корректорлары *Ә. Смағұлова, Л. Асанова*

ИБ № 2383

Теруге 24.02.83 жіберілді. Басуға 07.02.84 Қол қойылды: УГ18070. Форматы 70×90 1/32. Қағазы № 1 Қаріп түрі әдебиеттік. Шығыңқы басылды. Виспа табағы 2,0. Шартты баспа табағы 2,3. Есептік басылду табағы 2,1. Шартты бояу көлемі 2,6. Тиражы 2000 дана. Заказ № 6803. Бағасы 20 тиын.

Қазақ ССР Баспа, полиграфия және кітап сәудасы істері жөніндегі мемлекеттік комитетінің «Фаланкс» баспасы. 480124, Алматы қаласы. Абай проспекті, 143 үй.

Қазақ ССР Баспа, полиграфия және кітап сәудасы істері жөніндегі мемлекеттік комитетіне қарасты «КІТАП» полиграфиялық кәсіпорындары өндірістік бірлестігінің билет-бланк және жедел өнімдер баспаханасы, Алматы қаласы, К. Маркс көшесі, 15/1-үй.